

Н.Б. Қияқбай
Н.З. Жуманбекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: nkiyakbay@gmail.com, nurkesh2009@mail.ru)

Case study оқыту жобасының технологиясы ретінде

Аңдатпа. Мақалада проблемаға негізделген оқыту түрінің Қазақстан мектептеріндегі практикада қолданылым аясы мен қолдану барысындағы туындаған қиындықтар эксперимент арқылы көрініс табады. Сабақ барысындағы проблемалық оқыту түрлерінің тиімділігі нақтылап көрсетілген. Проблемаға мен жобаға негізделген оқыту түрлерінің бірі ретінде бүгінгі таңда case study білім беру мекемелерінде кең көрініс тапқан. Мақалада жоғарыда аталған әдіс бойынша жасалған тәжірибе мен тәжірибе жасау барысындағы кездескен қиыншылықтар мен артықшылықтар нақты көрсетілген. Тәжірибенің нәтижесінде қатысушылардың тілдік дағдылары дами отыра шешендік өнер тұрғысынан тілдік тұлғасы қалыптасқандығы белгілі болды. Сондай-ақ, сыни және креативті ойлау қабілеттерін дами түсіруге ықпал ететіндігі айқындалды.

Түйін сөздер: case study, проблемаға негізделген оқыту, оқыту жобасы, лингводидактика, оқыту технологиясы, жаңартылған білім беру бағдарламалары.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-542-548>

Кіріспе

Біздің ғасыр адам қызметінің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында қарқынды өзгерістермен сипатталады. Жаһандық әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер мектепке өте жоғары деңгейдегі әсерін тигізіп отыр. Білім беру жүйесінде қалыптасқан жаңартылған білім беру бағдарламалары да сәйкесінше бұрынғы қалыптасқан стандарттардан көшіп, әлемдік нарыққа сай келетін білім беру жүйесін қарастыруда. Кәсіби білім мен дағдылардың жеткілікті қоры ғана емес, сонымен қатар өз өмірінің стратегиясын өз бетінше құруға қабілетті, өздерін «құра» алатын, жоғары деңгейлі субъективтілікке, шығармашылық бел-

сенділікке, жауапкершілікке, шешімділікке, оқуға, талдауға, болжауға, жобалауға, таңдауға қабілетті адамдарға қажеттілік өзекті болып табылады және барлық деңгейлерде білім сапасына жаңа талаптар қояды. Сәйкесінше бүгінде Қазақстан проблемалық білім беру жүйесін алға тартып отыр. Бұл дегеніміз – оқытушы нұсқаулығы бойынша білім алушы тарапынан белгілі бір проблеманы шешу жолында атқарылатын жұмыстар ауқымы.

Мақаланың мақсаты – кейс-стади әдісінің оқу жобасының бір бөлігі деп қарастыруға болатынын және тілдік тұлғаны дамыту мақсатында шет тілінің көмегімен аталған әдісті коммуникация көзі ретінде пайымдауға болатынын жүргізілген апробациялық эксперименттер бойынша дәлелдеу.

Талқылау

Проблемаға негізделген оқыту түрі дегеніміз – бұл студенттерге маңызды мәселелермен белсенді айналысуға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсіл. Студенттерге проблемаларды бірлесіп шешуге, оқытудың психикалық модельдерін құруға және практика мен рефлексия арқылы өзіндік оқу әдеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беріледі [1]. Жоғарыда аталып өткен бағыт бойынша Қазақстанның орта білім беру мекемелерінде проблемалық оқу түрлері ретінде оқу жобасы мен кейс жобалары арқылы оқыту түрлері қарастырады. Жалпылама сипаттама бойынша екеуі де проблемаға негізделген оқыту түрлері болып табылғанымен, мақсат-міндеттері, барысы және практикада қолданылуы әр түрлілігімен ерекшеленеді.

Аталған әдістер АҚШ-та өткен ғасырдың басында-ақ қолданысқа еніп, бүгінде әлем бойынша білім беру жүйесіндегі ең үлкен төңкеріс жасағандығы белгілі. Шет тіліндегі сабақтар Гарвард стандартына сәйкес түпнұсқа технологияны қолдануға мүмкіндік береді. Бұл технологияны қолдану тәжірибесі «кейс» әдісі оқу процесін белсендіретінін және студенттердің танымдық мүмкіндіктерін кеңейтуге күшті ынталандыру болып табылатындығын көрсетеді, ал «кейс» талдау әрқашан түпкілікті шешім қабылдау үшін әртүрлі нұсқаларды талдай отырып, кешенді шешім болып табылады. Мәселенің негізгі компоненттері «сүзгіден өтпейді», бірақ қызықты, стандартты емес шешімдерді табады, басқаша айтқанда интегративті ойлауды қолданады. Яғни кейс-стади – модельдеу және нақты жағдайларды талдауға, шешуге және талқылауға негізделген оқыту жүйесі [2].

Дегенмен де А.Е.Биженованың еңбектеріне сүйенетін болсақ, проблемалық оқыту білім алушылардың репродуктивті және шығармашылық қызметінің оңтайлы үйлесімі екенін аңғаруға болады. Бұл дегеніміз – проблемалық оқыту білімгердің өз шындығына жетуінің бір жолы ретінде шығармашылық жұмыстарды орындау арқылы өзінің продуктивтілігін таныту [3]. Проблемалық оқытуды ұйымдастыру барысында коммуникативті

методиканың негізі жатқанын көруге болады. Себебі білімгерлер пікірлері коммуникативті дағдылар арқылы көрініс таба отырып, антропоцентристік жүйе ретінде қарастырылады. Себебі білімгердің түсетін коммуникациялық қарым-қатынасы өздерінен басталып, тек өзара деңгейде жүзеге асырылады.

Шаран Мэрриам өзінің “Qualitative research and case study application in education” атты еңбегінде Кейс стади әдісіне анықтама беріп қана қоймай, кейс стади сыныптағы оқыту сапасын көтеретінін алға тартады [4]. Яғни бұл дегеніміз – тіл сабақтарында шешендік өнер мен бүгінде мұғалімдерге қиындық тудырып отырған сөйлеу дағдыларын сапалы деңгейде дамытатының нақ белгісі.

Ал Куимова Марина кейс стади әдісімен оқыту барысындағы проблемалар ретінде біршама қиындықтар бар екенін атап өтеді. Нақтылап айтқанда, мұғалімнің өзінің басты рөлінен фасилитатор рөліне қарай ығысуына әкеліп соқтыруы және трансмиссиялық оқыту стиліне үйренген мұғалімдердің кейс стади әдісін қолданғанда, оқыту процессінің іс жүзінде болмайды деп санауы немесе оқыту процессінің негізгі алғышарттарынан алшақ деп пайымдауы негіз болып саналады.

Зерттеу әдістері

Кейс стади әдісінің мақсаты – білім алушылардың сыни ойлау деңгейлерін дамыта отырып және теориялық білімді пайдалана отырып, проблемаға құрылған практикалық тапсырманың шешімін табу. Яғни мұндағы кейс дегеніміз – білімгерлер шешімін табуы тиіс дәл қазіргі уақыттағы жағдайдың сипаттамасы. Мұғалімнің тарапынан құрылған проблемалық жағдайдан шығу жолдарын табу – кейстің негізгі мәні. Ал мұндағы проблемалық жағдай дегеніміз – адамның өзі шешетін проблема жағдайында жаңа фактіні қолда бар білімнің көмегімен түсіндіре алмайтын немесе белгілі әрекетті бұрынғы, таныс тәсілдермен орындай алмайтын және жаңа әрекет жолын табуы керек болған кезде пайда болатын интеллектуалдық қиындықтың психикалық жағдайы [5]. Әдетте кейстер проблеманы толыққанды зерттеу мақсатында алдын ала

беріледі. Аудиторияда топтардан құралған білімгерлер мәселені жан-жақты дамуын қарастыра отырып, нақты шешімнің жобасын жасайды және басқа білімгерлерге өз шешімдерінің дұрыс екенін дәлелдейді. Бұл білімгерлердің сыни тұрғыдан ойлау деңгейін дамытып қана қоймай, альтернативті немесе болжалдық жағдайлардың орын алуы мүмкін кездегі әрекеттерін қалыптастырады. Аталған әдіс көмегімен білімгерлер аналитикалық және бағалаушылық қабілеттерін шыңдап, топта бірлесе жұмыс атқаруды үйренеді. Дегенмен де бұл әдісті сынып жағдайына қолдану үшін білімгерлердің шет тілін жоғары деңгейде білуі шарт. Яғни CEFR стандарты бойынша бұл мөлшер B1 деңгейінен кем болмауы шарт. Бүгінде қазақстандық жоғары сынып оқушыларының деңгейлері жоғарыда аталған деңгейге сай деп айтуға болады.

Кейс әдісі екі маңызды компоненттен тұрады: кейс және сол кейстің талқылануы. Кейстер ұсынудың бай контекстік тәсілін ұсынады және білімгерлер үшін жаңа зерттелмеген материалды қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ кейстерді шешу және презентациялау барысы Блум таксономиясының реттілігімен толығымен сәйкес келеді [6].

Бүгінде кейс стади әдісі өте жоғары деңгейдегі белсенділік танытқан әдіс ретінде белгілі. Бұл әдістің артықшылығы ретінде мыналарды қарастыруға болады:

- Проблемаға негізделген оқыту принциптерін қолдану;
- Нақты мәселелерді шешу дағдыларын игере отырып, оқу процесі өмірдегі шешім қабылдау механизміне еліктейді, ол терминдерді есте сақтаудан гөрі өмірлік жағдайға көбірек бейім, өйткені ол тек білім мен түсінуді ғана емес, сонымен бірге олармен жұмыс істеуді, мәселені шешудің логикалық сызбаларын құруды, өз пікірін дәлелдеуді талап етеді;
- Топпен жұмыс істеу қабілеттілігін арттырады (Team job skill);
- Қарапайым жалпылау дағдыларын дамытады;
- Иллюстрациялармен жұмыс қабілеттілігін дамытады;
- Дәлел-дәйектермен жұмыс жасауды жетілдіреді;

- Білім алушыда сыни (қолдану, синтездеу, бағалау) және креативті ойлау дағдыларын қалыптастырады;
 - Проблемаларды шешу дағдыларын дамытады;
 - Білім алушының ұйымдастырушылық қабілетін жетілдіреді (ақпаратты жүйелі түрде орналастыру);
 - Ауызша және жазбаша дағдылар ғана емес, сондай-ақ вербалды емес коммуникативтік дағдылар да дамиды;
 - Білім алушылар жұмыс барысында нақты өмірлік жағдайлармен бетпе-бет келеді. Бұл – олардың басқарушылық бағытының дамуының көрінісі;
 - Теория мен практиканың интеграцияланған көрінісі;
 - Білім алушыларға тығырықтан шығу жолдарын ғана үйретіп қоймай, тығырықтан шығудың сан түрі бар екенін түсіндіреді, яғни бір ғана дұрыс жауаптың емес, барлық жауаптың дұрыс екенін көрсетеді;
 - Мұғалім мен оқушының арасындағы алшақтықты жоя отырып, серіктестік құратынының нағыз дәлелі;
 - Білім алушыны белсенді болуға болуға итермелейді, яғни күнделікті сабақ барысында білім алушы сабақты дұрыс түсінбеуінің немесе ынтасы болмауының салдарынан белсенділік танытпаса, кейс шешу барысында оқушы еркінен тыс белсенділік танытады.
- Кейс стади әдісін іске асыру барысында да шешілуі қажет 8 міндет бөлініп алынды:
1. Проблемалық құрылымдауды жүзеге асыру, олардың топологиясы, сипаттамалары, салдары, шешу жолдары проблемаларының кешенін бөлуді көздейді (проблемалық анализ).
 2. Жағдайдың сипаттамаларын, құрылымын және оның функцияларын, қоршаған орта мен ішкі ортаның өзара әрекеттесуін анықтау (жүйелік анализ).
 3. Осы жағдайдың туындауына әкеп соққан себептер мен оны өрістету салдарларын анықтау (себеп-салдар анализі).
 4. Жағдайлардағы іс-әрекет мазмұнын диагностикалау және оны модельдеу және оңтайландыру (праксеологиялық анализ).

5. Жағдайды, оның компоненттерін, жағдайларын, салдарын, субъектілерін бағалау жүйесін құру (аксеологиялық анализ).

6. Ықтимал, әлеуетті және қалаулы болашақ туралы болжамдарды дайындау (прагностикалық анализ).

7. Жағдайлардың әрекет етуші тұлғаларының мінез-құлқына қатысты ұсынымдар әзірлеу (ұсынымдық анализ).

8. Осы жағдайда қызмет бағдарламаларын әзірлеу (бағдарламалық-мақсатты анализ)

Нәтижелер

Кейс стади де, оқыту жобасы да теориялық ілімді практикада жүзеге асыруға бағытталған. Сондықтан проблема құру арқылы сол проблема айналасында жұмыс жасау және шешімін табу кейс стадидің басты мақсаты болып табылады. Осы жоғарыда қозғалған тұжырымды тексеру мақсатында, Нұр-Сұлтан қаласының 11-сынып оқушыларына 9 апта көлемінде бақылау жұмыстары жүргізілді. Бақылау барысында жаңартылған оқу методикасының дұрыс жүргізілмей жатқандығы байқалып, мұғалімдердің проблемаға негізделген оқыту немесе жобалап оқыту әдістерін қолданбайтындығына көз жеткізілді. Сондай-ақ оқытылатын оқулықтар мазмұнына үңілер болсақ, жобалап оқыту әдісі көрініс тапқанымен, бірқатар проблема туғызған дүниелер байқалды. Атап айтар болсақ, жобалап оқыту оқушылар деңгейіне сай жасалмағандығы, тақырып бойынша ауытқушылықтар мен тақырыпты толық қамти алмайтындығы және жобалап оқыту әдістерінің кезеңдеріне сай келмейтіндігі белгілі болды. Проблемалық оқыту әдістерінің көрініс таппауы, білімгерге бағытталған білім беруді мұғалімнің сабақ барысында мүлдем қолданылмауы, яғни аталған әдістердің болуынан мұғалімнің хабарсыз болуы бүгінде қазақстандық мектептердегі алпауыт проблемалардың түйінін таппағандығын көрсетеді. Бұған дәлел ретінде мұғалімдердің жоғарыда аталған әдістердің бұрын-соңды қолданбағандарын атап өтті.

Теориялық білімнің практикада жүзеге асуын тексеру мақсатында апробациялық экс-

перимент жасалды. Апробацияға қатысуға 15 оқушы ниет білдірді. Кейс тақырыбы ретінде “The problems of interaction in English lessons at the time of distance learning” атты тақырып алынды. Себебі қазіргі таңда пандемия уақытында бүкіл әлем оқушылары басынан өткеріп жатқан проблема ретінде объективті бағалауды қажет етеді. Сондай-ақ оқушылар да аталған жәйтпен бетпе-бет келіп жатқандықтан, осы проблеманы әрқайсысы өзінше шешуге тырысты. Кейсті жүргізу екі академиялық уақытты қамтыды.

Жұмыстың жалпы барысы екі кезеңнен тұрады: алғашқы кезеңде оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілсе, екінші кезеңде әр оқушы өзі дайындаған кейсті басқа білім алушылар назарына ұсынуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ кейс стадидің барлық кезеңдері ағылшын тілінде жүргізілді. Себебі 11-сынып оқушыларының деңгейі – CEFR шкаласы бойынша B2 деңгейінде. Кейс шешу барысында қолданылуы мүмкін сөздерді оқытушы жеке-леп түсіндіріп, анықтамасын ағылшын тілінде ұсынды. Сонымен қоса, кейс шешу барысында да оқытушы тарапынан берілген консультациялық көмектер мен анықтамалар да ағылшын тілінде берілді. Оқытушы толығымен кейс-стади әдісінің көмегімен жасанды ағылшын тілді орта қалыптастырғысы келгендігі айқындалды. Әр білім алушы проблеманы өздігінше шешуге тырысты, яғни мұғалімнің рөлі тек нұсқаушы ретінде ғана тіркелді. Оқушылардың назарына мынадай ситуациялық кейс берілді: “Learning foreign language is the main privilege of our century. According to educational system of Kazakhstan English is considered as a foreign language. It is believed that language is spoken where it is used. It means English needs an interactive and face to face learning. At the time of pandemic, world forced to take a distance learning. Almost a year pupils and students have been studying in a distance way. It is proved that the quality of learning and teaching English is suffering nowadays. And learners (pupils and students) are becoming less motivated”. Нерізгі тапсырма ретінде осы кейстің негізгі проблемасын, себебі мен салдарын, болжалды шешімін, шешілу жолындағы туындайтын

қосалқы проблемаларды анықтау тапсырылды. Кейсті шешу барысында білімгерлерге аргументпен жұмыс істеу мақсатында статистикалық мәліметтерді қолдануға рұқсат берілді. Сондай-ақ, кейс шешу барысында дұрыс емес немесе шындыққа жанаспайды деген пікір жоқ, себебі кейс-стадидің негізгі мақсаты – жасанды немесе құрастырылған проблемалық жағдаяттан шығудың барысы мен білімгердің өз ұсынысын бере алуы.

Кейсті шешу барысы бойынша төмендегідей мақсаттарға қол жеткізілді:

- 1) Білімгерлер алдына қойылған практикалық тапсырмаларды сәтті орындап шықты;
- 2) Өтілген “Education and its problems” тақырыбы пысықталды;
- 3) Өз кейстарымен бөлісу барысында шешендік өнер, дәйек пен дәлелді орынды қолдану, жобамен жұмыс, резолюцияны анықтау және кейсті мақсатты қолдану сияқты қабілеттер игерілді;
- 4) Оқушылар арасында кейсті талқылау арқылы тілдік тұлғаны дамытуға жол ашылды;
- 5) Шет тілін оқытудағы маңызды компонент ретінде саналатын өзара байланыс (interaction) орнатылды.

Білім алушылар кейс шешу барысында өте жоғары белсенділік көрсетті және оның басты себебі әрқайсысы жеке дара тұлға ретінде

жоғары деңгейлі проблеманы шешуге мүмкіндік алды. Күнделікті сабақпен салыстыра қарағанда, кейс-стади арқылы білім беру оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ғана шыңдап қоймай, сыни және креативті тұрғыдан ойлау қабілеттерін аша түсулеріне зор мүмкіндік тудырды. Сондай-ақ сыныптағы оқушылардың деңгейлерінің әр түрлі болуына қарамастан, дифференциациялық сипаттағы әдісті оңтайлы ұйымдастыра алды. Яғни әр оқушы өзінің қабілетіне қарай жауап бере алды. Нақтырақ айтар болсақ, сабақтың продуктивтілігін арттырды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, оқыту жобасы сабақ барысында әр түрлі сипатта ұйымдастырылуы мүмкін. Атап айтқанда, жобалап оқыту, проблемаға негізделген оқыту немесе кейс-стади түрінде оқыту болсын, барлығының түпкілікті мақсаты – білімгерді тығырықтан өзін-өзі алып шығуы үшін тұлғалық мүмкіндіктерін пайдалануға итермелеу. Яғни бұл дегеніміз – кейс-стадилік талдау әдісі тосын жағдаяттар, проблемалық мәселелер туралы тез және нәтижелі ойлауды ғылыми терия мен оның танымдық әдіснамасын практикада пайдалануға дағдыландыратын әдіс екенін атап көрсету керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Problem-Based Learning: An Overview of its Process and Impact on Learning (e-resource): - 2016: Elaine H.J. YewKaren Goh. URL: <https://reader.elsevier.com/reader/sd/pii/S2452301116300062?token=37397B737617189D7908F2C5947310F789853F8F7C63DBFB40F6E7BFE374ED96D0EACB8230A07D3803E1F4397EF1FAF4> (Accessed: 28.04.2021)
2. Алекшеева А.Е. Case study как один из эффективных методов преподавания иностранного языка // Мультилингвизм және мәдениетаралық білім: Қазақстандағы шет тілдерін оқыту тәжірибесі (ҚР тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналады) Халықаралық ғылыми әдістемелік семинар материалдары. – Астана, 2012.
3. Бижкенова А. Е. Иноязычная подготовка в системе профессионального образования государственных служащих. Монография. - Астана, 2010.
4. Case study in education: quality approach Merriam Merriam'S // Qualitative research and case study applications in education (2nd ed.) San Francisco: Jossey-Bass, 1998.
5. Шукин А.Н. Лингводидактический энциклопедический словарь.-М.:Астрель, 2006.
6. Киёмова К. А. Кейс-метод на практических занятиях как акселератор педагогического процесса. // Молодой ученый. – 2017. - №21(155).

References

1. Problem-Based Learning: An Overview of its Process and Impact on Learning (e-resource): - 2016: Elaine H.J. YewKaren Goh. Available at: <https://reader.elsevier.com/reader/sd/pii/S2452301116300062?token=37397B737617189D7908F2C5947310F789853F8F7C63DBFB40F6E7BFE374ED96D0EACB8230A07D3803E1F4397EF1FAF4> (Accessed: 28.04.2021).
2. Alekshcheva A.E. Case study kak odin iz effektivnykh metodov prepodavaniya inostrannogo yazyka. [Case study as one of the effective methods of teaching a foreign language]. Mul'tilingvizm i mezhkul'turnoe obrazovanie: opyt prepodavaniya inostrannykh yazykov v Kazahstane (posvyashchaetsya 20-letiyu Nezavisimosti RK) materialy Mezhdunarodnogo nauchno-metodicheskogo seminar [Multilingualism and intercultural education: the experience of teaching foreign languages in Kazakhstan (dedicated to the 20th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan) materials of the International Scientific and Methodological Seminar] (Astana, 2012).
3. Bizhkenova A. E. Inoyazychnaya podgotovka v sisteme professional'nogo obrazovaniya gosudarstvennykh sluzhashchih [Foreign language training in the system of professional education of civil servants]. Monograph (Astana, 2010).
4. Case study in education: quality approach Merriam Merriam'S, Qualitative research and case study applications in education (2nd ed.) (Jossey-Bass, San Francisco, 1998).
5. Shchukin A.N. Lingvodidakticheskij enciklopedicheskij slovar' [Linguodidactic Encyclopedic Dictionary] (Astrel', Moscow, 2006).
6. Kiyomova K.A. Kejs-metod na prakticheskikh zanyatiyah kak akselerator pedagogicheskogo processa [Case method in practical classes as an accelerator of the pedagogical process], Molodoj uchenyj [Young scientist], №21(155), (2017).

Н.Б. Киякбай, Н.З. Жуманбекова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Case study как технология учебного проектирования

Аннотация. В статье показаны трудности, встречающиеся при применении проблемного обучения в практике школ Казахстана. Указана эффективность проблемного обучения на занятиях. Как один из видов проблемного и проектного обучения, тематическое исследование сейчас широко используется в образовательных учреждениях. В статье четко описаны трудности и преимущества, возникающие при практике и экспериментировании с вышеуказанным методом. В результате эксперимента выяснилось, что с помощью кейс-стади можно развивать языковые и ораторские навыки у обучающихся. Также установлено, что данная технология способствует развитию навыков критического и творческого мышления.

Ключевые слова: case study, проблемное обучение, учебное проектирование, лингводидактика, технология обучения, обновленное содержание обучения.

N.B. Kiyakbay, N.Z. Zhumanbekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nursultan, Kazakhstan

Case study as a technology of educational design

Abstract. The article shows the difficulties encountered in the application of problem-based learning in the practice of schools in Kazakhstan. The effectiveness of problem-based learning in the classroom is indicated. As one of the types of problem-based and project-based learning, case study is now widely used in educational institutions. The article clearly describes the difficulties and advantages that arise when practicing and experimenting with the above method. As a result of the experiment, it turned out that with the help of a case study, it is possible to develop language and oratorical skills among students. It is also established that this technology contributes to the development of critical and creative thinking skills.

Keywords: case study, problem based learning, educational project, linguadidactics, learning technology, updated teaching technology

Авторлар туралы ақпарат:

Қияқбай Н.Б. – корреспонденция үшін автор, 1-ші курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Жуманбекова Н.З. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Kiyakbay N.B. – **Corresponding author**, 1st year doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nursultan, Kazakhstan.

Zhumanbekova N.Z. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nursultan, Kazakhstan.